


**Чистая Компания** - официальный дистрибьютор немецкого концерна Alfred KARCHER GmbH

**8 (800) 250-39-39**

www.chisto.ru

# Жұмыс алғышарттары

- ➔ Тек рұқсат етілген сұйықтықтарға қолдау көрсетіледі.
- ➔ Ластанған (құмды) су болған жағдайда, қосымша алдын ала тазартқыш сүзгіні қолданыңыз.
- ➔ Сорaптарды дәйекті түрде қоспаңыз.
- ➔ Сорапты тікелей су құбырының шүмегіне жалғамаңыз.
- ➔ Найзалы қосылымдар жүйесін (ГК муфталар) қолданбаңыз.
- ➔ Сору жағында кері клапанды сорап алдында тікелей орнатпаңыз.
  Сорап пен ықтимал кері клапанның арасындағы қашықтық кем дегенде 3 м болуы тиіс.

# Бақылау тізімі

| Орнату | | |
|---|---|---|
| ➔ Сораппен бірге сығылған ауамен баллондар жеткізілген кезде, оларды нұсқаулыққа сәйкес сорапқа жалғаңыз.<br>➔ Сонымен қатар, сығылған ауамен баллондағы қысым 3,5 бар құрайтынын тексеріңіз.<br>➔ Егер сорап сумен жабдықтау көзіне алдын ала жалғанған болса, жүйеде қысымның жоқтығын қамтамасыз ету үшін, барлық шығыс орындарды ашып қойыңыз. |  | ☐ |
| ➔ Сорапты қолдану бойынша нұсқаулыққа сай жалғаңыз.<br>➔ Сонымен қатар, барлық қосылымдар тығыз бұрап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. |  | ☐ |
| ➔ Сорапты құю мойны арқылы артық толтырылғанша сумен толтырыңыз.<br>➔ Алдын ала тазартқыш сүзгінің дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз ("Техникалық қызмет көрсету және күтім" мақаласын қараңыз). |  | ☐ |
| ➔ Қақпақты қолмен тығыз бұрап бекітіңіз. |  | ☐ |
| ➔ Барлық қосылымдардың тығыздығын тексеріп алыңыз. |  | ☐ |
| ➔ Сорапты желдету:<br>1 Құбыр желілерінен ауаның кетірілгеніне көз жеткізу үшін, су жүйесіндегі барлық шығыс орындарды бір рет ашып жабыңыз.<br>2 Қысымды құбыр желісіндегі қолжетімді тежегіш клапандарды толықтай ашып қойыңыз немесе тиекті клапанда судың жеткілікті екендігін тексеріңіз.<br>3 Сорапты ұзақ мерзімді жұмыс режиміне ауыстырып қосыңыз ("I/On" ауыстырып-қосқыш күйі).<br>4 Сорап біркелкі беріліске жеткенше және жүйеде ауа қалмағанша сорапты бірнеше минут жұмыс істетіңіз.<br>Сорап енді жұмысқа дайын. |  | ☐ |
| Сору жағында қате орын алған жағдайда (сору жағындағы қатені білдіретін жарық диоды жанады):<br>➔ Сорғыш шлангідегі кері клапанды шығарып алыңыз.<br>Сорап кірістірілген кері клапан арқылы жеткілікті түрде қорғалған.<br>➔ Орнату бойынша қадамдарды жаңадан мұқият орындаңыз. |   | ☐ |
| Қысым жағында қате орын алған жағдайда (қысым жағындағы қате индикаторы жанады):<br>➔ Орнату бойынша қадамдарды жаңадан мұқият орындаңыз. | | ☐ |

| Техникалық қызмет көрсету және күтім | | |
|---|---|---|
| ➔ Қақпақты құю мойнынан бұрап шығарыңыз.<br>➔ Бастапқы сүзгіні толықтай шығарып алыңыз.<br>➔ Кері клапанды бастапқы сүзгіден ажыратыңыз. |  | ☐ |
| ➔ Бастапқы сүзгі мен кері клапанды ағынды су астында тазалаңыз.<br>➔ Қажет болса, лас қалдықтарын сорaптан шайып кетіріңіз. |  | ☐ |
| ➔ Кері клапанға оңай қол жеткізу мүмкіндігін тексеріңіз.<br>➔ Қол жеткізу қиын болған жағдайда, кері клапанның тығыздауыштарына Kärcher қызмет көрсету орталығында қолжетімді жағармай (6.288-143.0) жағыңыз.<br>Минералды жағармай мен майларды қолданбаңыз. |  | ☐ |
| ➔ Бастапқы сүзгі мен кері клапанды қайтадан бір-біріне жалғаңыз. |  | ☐ |
| ➔ Алдын ала тазартқыш сүзгіні сорап ішіне орнатыңыз.<br>Орнату позициясының дұрыстығын қадағалаңыз!<br>Алдын ала тазартқыш сүзгінің шығыңқы жерін құю мойнындағы тиісті ұяшыққа орналастырыңыз.<br>Алдын ала тазартқыш сүзгіні күш қолданусыз орнату керек. |  | ☐ |
| ➔ Сорапты "Орнату" мақаласына сай қайтадан іске қосыңыз. | | ☐ |

ЧИСТАЯ компания

Чистая компания

**8 (800) 250-39-39**

Звонок по России бесплатный

www.chisto.ru

sales@chisto.ru